



OQU-ZAMAN

қосалқы білімді сайт

«Қазіргі білім беру үрдістері»

X қашықтық конференцияның жинағы

Сборник X дистанционной конференции

**«Современные
образовательные процессы»**

**Қараша 2018 жылы
Ноябрь 2018 года**



Оглавление

Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру.....	3
Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымдық ұғымдарын дамыту жолдары	10
Түзете-дамыту үрдісіндегі топтық, жұптық жұмыстың тиімділігі.....	16
Воспитание бережного отношения к природе	26
Современные образовательные процессы.....	34
Здоровый образ жизни как фактор формирования здоровой личности	40
Преимущество эстетического воспитания в воздействии на детей дошкольного возраста с целью гармоничного развития личности ...	43
Эффективность использования методики зайцева в работе с детьми дошкольного возраста.....	52
Реализация модуля кембриджской программы «Новые подходы в преподавании и обучении» на уроках в начальной школе.....	56
Методика подготовки к интегрированной деятельности.....	61

Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру

*Станбекова Гүлнұр Кенжебекқызы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университетінің студенті
Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық
тәрбие беру
Ақынова Л.А. б.ғ.к., аға оқытушы*

Дүниетану пәнінің мұғалімі оқыту барысында өзінің әр сабағында мынадай тәрбие түрлерін оқушыларға беріп отыруы тиіс: дүниетанымдық, эстетикалық, экологиялық, санитарлы-гигиеналық, адамгершілік, еңбек тәрбиесін, т.б. Осы аталған тәрбие түрлерінің бірнешеуіне сипаттама беріп көрейік.

Табиғатқа ізгілік сезім адамның барлық кейінгі өміріне де игі әсерін тигізеді, табиғаттың жеке бас қасиетін дамытудағы рөлі мейірбандыққа тәрбиелеуде көрініс табады, оны табиғатқа қатыгездік әрекеттерден сақтандырады, бастауыш мектеп жасындағы балаларға экологиялық тәрбиені меңгертудің маңызы орасан зор.

Бастауыш мектеп жасындағы бала табиғатқа деген өзіндік көзқарастарын қалыптастыра бастайды және балада әрекет жасау компоненті маңызды бола бастайды.

Ата-анасынан үйге жан-жануар алып беруін өтінуімен қатар, оларғы сүйіспеншілігін оларға жағдай жасау арқылы көрсету, осы кезеңдегі баланың табиғатқа деген қатыстығының қалыптаса бастайтындығы көрінеді. Дүниетану пәнінің әр сабағында экологиялық тәрбие беріліп отырылуы тиіс.

Дүниетану сабақтарында экологиялық тәрбие берудің мақсаты - "адам-қоғам-табиғат" жүйесінде үйлесімділік орнату, табиғи байлықтарды сақтау, молайту және тиімді пайдалануда жауапкершілік сезімін тұғызу.

Оқушылар қоғам мен табиғаттың даму заңдылықтарын білу, табиғатты қорғау қажеттілігін түсіну, табиғатқа тигізетін өзінің салдарын болжай білу, табиғат пен қарым-қатынасында заңды ережелерді сақтау т.с.с. құрамды бөліктерді білуі қажет.

Оқушылардың экологиялық санасы, ойлауы, сауаттылығы, этикасы және мәдениеттілігі экологиялық білім беру мен тәрбиенің нәтижесінде қалыптасады. Қоғам дамуы табиғатпен тығыз байланысты. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуы барысында қоршаған орта мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қарама-қайшылығы арта түсуде. Осы қарама-қайшылық негізінде табиғаттың тепе-теңдігі бұзылып, табиғи жүйенің өзін-өзі реттеп отыру ырқынан шығып кетті.

Табиғат әлемі - адамдардың тіршілік ету ортасы. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Сол себепті табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың үйлесімді дамуы әрбір адамның денсаулығына, физиологиялық өсіп-жетілуіне ауадай қажет екендігіне жас ұрпақтың көзін жеткізу бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясының алтыншы бабы жер мен оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігі екендігін, олардың мемлекет қорғауында болатындығын мәлімдейді.

Қазіргі әлемдік деңгейдегі дамушы Қазақстанның жағдайында жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті кезек күттірмес мәселе екендігі 1991 жылы «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында» және 1992 жылғы «Қазақстан Республикасының білім беру туралы» заңында, 1996 жылғы «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасында» көрсетілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңның 89-шы бабының әрқайсысы еліміздің болашағын экологиялық жағынан қамтамасыз етуге арналады. Заңда басқа салалармен қатар педагогикалық жағынан шешуге тиісті міндеттер белгіленіп, экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүргізілуі қажеттілігі баса көрсетіледі.

Қоғамның дамуы табиғатпен тығыз байланысты. Осы адам мен табиғат арасында жақындық болмай, еш даму, еш болашақ болмайды. Сондықтан болашақ ел тізгінін ұстар, еліміздің ертеңгі иелеріне бүгінгі күннен бастап табиғат пен оның ерекшелігін, маңызын жанында қалыптастыру, яғни экологиялық тәрбие беру өте маңызды мәселе.

Ғылымда «экология» деген ұғымды алғаш айтқан адам - Эрнст Геккель. Ол «экология» деген сөзге анықтама беруге тырысты. 1866 жылы немістің табиғат зерттеушісі Э.Геккельдің өмірге енгізген «экология» сөзін дәлме-дәл аударғанда «үй туралы ілім, тұрақ (мекен) туралы ғылым» деген грек сөзінен шыққан.

Келесі бір экологиялық сөздікте «экология (гретің «ойкос» - үй, тұрақ, мекен және «логос» - білім, ғылым, зерттеу деген екі сөзінен құралған) қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми негізі, тірі организмдердің өмір сүру жағдайларын, олардың өзара қатынастарының, табиғи ортамен байланыстарын зерттейтін ғылым» деп сипаттаған. Осы тұрғыдан Я.А.Коменский «Тәрбиенің негізі - табиғат, ал адам - табиғаттың бір бөлігі және оның заңдылықтарына бағынушы» дейді.

Бастауыш сынып экологиясы бүгінгі талапқа сай «Дүниетану» курстарына қосымша білім беруге бағытталған. Алдына қойған негізгі мақсаттары:

1. Оқушыларға айнала қоршаған ортаны адам өмірімен байланыстыра отырып білім беру.

2. Оқушыларға қоршаған ортаның бір-бірімен үнемі байланыста болатынын ұғындыру.

3. Оқушыларда алғашқы экологиялық ұғымдарды қалыптастыру және табиғатқа деген жауапкершілік ой-өрісін дамыту.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін бағдарламаны құрастыруда 1-4 сыныптар бойынша қамтылған білім жиынтығы былайша топталған. Мәселен, 1-сыныпта: Қоршаған орта мен адамның арасындағы қарым-қатынастар, табиғи ортаның біртұтастығы және бір-бірімен қатынас түрлері, табиғат нысандары, өсімдіктер мен жануарлар туралы алғашқы оң және теріс көзқарастар туралы білім беріледі.

Екінші сынып бойынша - адамның табиғатқа деген сұранысы мен қамқорлығы, туған өлке мен атамекен, тұрмыстық ғимараттар, оның табиғаттан алынып жасалатын, тұрған мекені мен оның құрауыштарының қажеттілігі туралы ой-өрістер дамытылады.

Үшінші сыныпта - адамның табиғатты пайдалану кезіндегі теріс іс-әрекеттерін көрсету арқылы олардың табиғатқа деген қамқорлығын, аяушылық сезімдерін ояту, өсімдік пен жануарлар дүниесінің адамға қажет екеніне толық көздерін жеткізу, үй және мектеп үлесіндегі өсімдіктерге қамқорлық жасау элементтерін бойларына дарыту.

Төртінші сыныпта оқушыларда өсімдіктер мен жануарлардың әр түрлілігі мен бірлестіктерін, топтарын ажырату, олардың тіршілігі туралы қызығушылықтары мен ынтасын арттыру көзделеді.

Алғаш рет тірі организмдерді қорғау керектігін түсіндіру. Қызыл кітаптың мақсатын ұғындыру. Сол сияқты оқушылардың қоршаған ортаның сапасы, ластану және адамның денсаулығы арасындағы байланыстарды ажырату деңгейіне дейін білімдері дамытылады.

Әрбір курсты аяқтауы табиғатқа шығу арқылы бекітіледі. Оқушылар естіген және көргендерін қолымен

ұстап түйсініп, табиғаттың әр түрлі құбылыстарынан ләззат алады. Туған мекенге деген алғашқы патриоттық сезімі оянады.

Оқушылардың білім мен біліктілігіне қойылатын негізгі талаптар (I-IV сыныптар).

I сынып бойынша оқушылар:

- айнала қоршаған ортаны бағдарлауды;
- табиғаттағы заттарды, өсімдіктер мен жануарларды;

- ауа, су, топырақты ажыратып олардың адам үшін қажеттілігін;

- адамның табиғаттағы орнын ажырата білулері тиіс.

Оқушылардың біліктілігі:

- табиғаттағы заттарды (өлі және тірі заттар) ажырата білу;

- ауа, су, топырақты ажырату және олардың пайдасы туралы айтып бере алу;

- өсімдік пен жануарларды ажыратып, олардың адам үшін қажеттілігін іс жүзінде білу.

II сынып бойынша оқушылар:

- өзінің тұрған үйін, мекеннің тазалығын, жеке басының гигиенасын сақтауды;

- ірі құрылыстар, көліктердің түрлер мектеп т.б. мекемелер туралы;

- тұрған мекенінің айналасындағы табиғат құрауыштарын, азық -түлік сапасын, айнала мен көше тазалығын сақтауды;

- үй және жабайы жануарларды ажыратып, олардың адам өміріндегі маңызын білулері тиіс.

Оқушылардың біліктілігі :

- үйдің айналасы, көше , үй -іші және өзінің жеке басының тазалығын сақтауды;

- ірі ғимараттар мен мекемелерге бару, жол жүрудің қарапайым ережелерін;

- азық-түліктің сапасын ажырату, үй және түздегі жануарлармен қамқорлық қарым-қатынас жасау және сақтану шараларын;

- өсімдік пен жануарларды немесе ғимараттардың аттарын біліп ажырата алады.

III сынып бойынша оқушылар:

- табиғаттағы заттардың бір-бірімен байланысы, адамның табиғатты пайдалану себептерін;

- табиғаттағы өзгерістерді байқау, мәдени өсімдіктер мен орманның ерекшеліктерін;

- бау-бақша, мектеп үлесі, гүлдердің түрлері, оны күту, олардың пайдасы мен зияны туралы мәселелерді білулері тиіс.

Оқушының біліктілігі:

- табиғаттағы заттарды атап, оның не үшін керектігін;

- өсімдіктер мен орманның түрлерін ажыратып, олардың маңызын;

- пайдалы мен зиянды организмдердің бірнешеуін атап, олардың адам үшін маңызын айтып беруді меңгереді.

IV сынып бойынша оқушылар:

- адамның табиғат байлықтарын дұрыс пайдалануы немесе пайдаланбауы;

- өсімдік пен жануарлардың мәңгі еместігі, олардың сиреп немесе біржола құрып кететіні;

- тірі организмдердің өмір сүруі және тіршілігінің адамға тәуелділігі;

- қызыл кітаптың маңызы және кейбір сирек аң мен құстар жайлы және оларды қорғау;

- өзен мен көлдер және жерді қадірлей білу мен олардың ластануының себептері;

- ауаның сапасы және адам денсаулығы туралы мәселелерді білулері тиіс;

- табиғи байлықтардың бірнешеуін атап, олардың қорын, дұрыс пайдалану барысына баға беруді;

- сирек өсімдіктер мен жануарлардың бірнеше түрлерін атап және кездесетін жерлерін білу, оларды қорғау жолдарын;

- қызыл кітапты оқып, оның мәнін түсіндіріп және өз өлкесінде кездесетіндерін есепке алуды;

- өзен мен көлдер, ормандарда тіршілік ететін аң мен құстарды ажыратып, оларды қорғауға қорғау туралы іс-тәжірибелерді;

- ауа мен судың сапасы және тазалығын ажыратып, олардың немен ластанатынын ажыратып, талдау жасауды игереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүнісова К, Аймағамбетова К Дүниетануды оқыту әдістемесі.. Атамұра 2012.

2. М.К.Естұрсынова, Ш.С.Набидолина Жаратылстару негіздері және дүниетануды оқыту әдістемесі Астана, 2007.

3. Қ.Аймағамбетова бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негіздері, 2003.

4. К.Жүнісқызы,Ә.Бірмағамбетов, Қ.Аймағамбетова И.Нұғыманов, Қ.Жүкешов Дүниетану оқулықтары 1-4 сыныптар. Алматы: Атамұра, 2011ж

5. Аймағамбетова Қ.А., Жүнісова К.Ж. "Дүниетану" оқулығына әдітемелік нұсқау. Алматы, 1998.

6. Аймағамбетова Қ.А. Олейник З. Дүниетану оқулығының хрестоматиясы Алматы, 1998.

Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымдық ұғымдарын дамыту жолдары

*Төрехан Нургүл Жолдасбекқызы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университетінің студенті
Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымдық
ұғымдарын дамыту жолдары
Ақынова Л.А. б.ғ.к., аға оқытушы*

Жекелеген табиғат құбылыстарын қабылдау. Кез келген ғылым мен оқу пәні логикалық бірізділікпен дамитын ұғымдар жүйесі болып табылады. Балаларға табиғаттануды оқытудағы міндет - олардың түсініктерін тудырып, ұғымдарын қалыптастыру жөніндегі күнделікті, жүйелі жұмыс жүргізуде. Бұл жағдайда білімді игерудің бірінші кезеңі жеке табиғат құбылыстарын немесе фактілерді қабылдау болып табылады. Егер балалар олардың алдына белгілі бір міндеттер қою арқылы жаңаны қабылдауға даяр болса, игеру сапасы артады. Балалардың қабылдау кезіндегі белсенділігі олардың алдына: мұндай табиғат құбылысы неліктен болады? Оны қалай түсіндіруге болады - деген нақтылы сұрақтар қою арқылы проблемалық жағдай тудыра алғанда ғана артады.

Проблемалық жағдай көбінесе мұғалімнің табиғаттағы бақылаулар кезінде, тәжірибе немесе практикалық жұмыстар жүргізгенде дұрыс қойылған сұрақтар мен тапсырмалардан туады. Қабылдау белсенділігін арттырудың маңызды кезеңі - мұғалімнің балалардың бұрынырақ алған білімдерін пайдалануы.

Мұғалім жаңа материалды өткенде табиғаттың бұл құбылысы немесе заты туралы балалардың не білетінін міндетті түрде анықтауы керек. Кіші мектеп жасындағылар көпшілік жағдайда құбылыстың тек сыртқы, көбінесе мәнсіз белгілерін байқайды. Сондықтан

бақылауларды ұйымдастыруда мұғалімнің алатын орны өте зор. Балаларды заттың немесе құбылыстың барынша маңызды, мәнді белгілерін көре білуге үйрету керек.

Ол үшін ең алдымен оқушылардың белгілі бір нақтылы табиғат құбылысын немесе объектіні бақылауларын ұйымдастыру керек. Балалар жүйелі және бір бағыттағы бақылаулар жүргізгенде объектіні немесе табиғат құбылысының жалпы және айқын белгілері ғана емес, сонымен бірге жеке егжей-тегжейлерін байқай бастайды. Бақылау жан-жақтылы және мақсатты сипат алады. Балалар бірте-бірте объектілерді салыстыруға, бақылаулар негізінде қорытындылар жасауға үйренеді. Баланың жаңа затты немесе құбылысты көруге, бақылауға табиғи, туа біткен талпынысы қабылдаудың бастапқы негізін құрайды.

Түсініктер. Мұғалім түсінікті тереңдету үшін оқушылардың алдына заттың немесе құбылыстың негізгі қасиеттерін анықтайтын сұрақтар қояды. Мәселен, сыныптарда балалар күзде жапырақ түсуін бақылайды да, мынадай сұрақтарға жауап береді. Жапырақ түсу кезінде қандай өзгерістер болады? Жапырақтар қандай ағаштардан түседі? Мұғалім жапырақ арқылы оларға тамырдан діңді бойлап келетін ылғал буланатынын түсіндіреді. Егер қыста ағаштардағы жапырақтар түспесе олар құрып кетеді, өйткені жапырақтардағы су қатып қалады. Ағаштарға жапырақ тастаудың қажеті не? (Жапырақтағы ағаштар құрып кетпеу үшін). Неліктен шырша мен қарағай қылқанын тастамайды? (Өйткені қылқан арқылы су аз буланады). Ақыр соңында оқушылар жапырақ күзде түседі деген қорытынды жасайды. Бұл жапырақты ағаштардың қысқы суықтарға дайындығы.

Мұғалім балаларды заттардан немесе құбылыстардан белгілері мен қасиеттерін ажыратуға, сонан кейін түсініктерін кеңейту үшін бірнеше заттың немесе құбылыстың белгілері мен қасиеттерін

салыстырып, олардың ең маңызды ерекшеліктерін анықтауға үйретуі керек. Мысалы, оқушылар қылқан жапырақты және жапырақты ағаштарды салыстырғанда бірінші кезекте олардың жалпы белгілерін: тамыры, діңі, бұтақтары, жапырақтары бар екенін атап өтулері керек. Олар содан кейін, осы жалпы белгілерін салыстыра отырып, негізгі айырмасы жапырақтарында екендігі қылқан жапырақты ағаштардың жапырақтары қылқан түрінде болатындығы жайлы қорытындыға келеді.

Түсініктерді қалыптастырудағы маңызды қадам - балалардың заттың ең маңызды белгілерін айыра білуі болып табылады. Балаға заттың мәнсіз белгілерінің немесе қасиеттерінің өзгеруі осы заттың белгілі бір ұғымға тиістілігіне әсер етпейтіндігін түсіндіру керек. Мысалы жапырақты ағаш биік немесе аласа, жуан немесе жіңішке, ұшар басы үлкен немесе шағын болуы мүмкін, бірақ бәрібір ол қылқан жапырақты ағаш емес: жапырақты ағаш болып қалады.

Одан әрі мұғалім балаларға заттарды олардың маңызды белгілеріне қарап ажыратуды үйретуі керек. Мәселен, мұғалім заттың бір немесе бірнеше маңызды белгілерін атай отырып, оқушыларға заттың өзін атауды ұсынады: онша биік месе өсімдік, бірнеше жіңішке діңдері бар, бұтақтарында қылқан немесе кәдімгі жапырақтар болуы мүмкін. (Бұта). Немесе мұғалім мынадай сұраққа жауап беруді ұсынады: бұл жер бетінің қандай формасы, онда көкжиек түзу сызық болып көрінеді, байқарлықтай көтеріңкі не ойыңқы жері жоқ (Жазық). Сонымен заттың маңызды белгілері оқушыларға заттың өзін дұрыс анықтауға көмектеседі.

Маңызды белгілер мен қасиеттерді анықтауға байланысты жүйелі жұмыс жүргізу балалардың жеке табиғат объектілері туралы саналы түсініктерінің қалыптасуына әкеліп соғады.

Түсініктердің болуы адамға заттардың өздері болмағанда олардың бейнелерін пайдаланып сөйлеуге

мүмкіндік береді. Балалар көз алдарында болмаса да сыныпта төбелер туралы әңгімелейді, төбенің схемасын сызады, немесе үйдегі, табиғаттағы, тіршілік бұрышындағы бақылауларына сүйене отырып, алдарында не өзі, не бейнесі болмаса да, қандай да бір жануарлар туралы айтып береді.

Сонымен балалардың психикалық іс-әрекетінде заттардың бейнесі болып табылатын көру, есту, қозғалыс (моторлық), сезім, иіс, дәм және басқа да түсініктері өте маңызды орын алады.

Ұғымдар. Жұмыстың келесі кезеңі - балаларда белгілі бір ұғымдардың қалыптасуы. Оқушылардың айқын және дәл түсініктерінің болуы бұл ұғымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұғымның белгілі бір мазмұны мен көлемі болады. Ұғымның мазмұнына заттың немесе табиғат құбылысының оны басқалардан ажырататын маңызды белгілері кіреді. Біз табиғаттануда ұғымның екі түрімен - географиялық және биологиялық түрлерімен кездесеміз. Географиялық ұғымдарға жеке және жалпы ұғымдар; биологиялық ұғымдарға түр және туыс ұғымдары жатады.

Жеке географиялық ұғымдар - Астана, Алматы, Шымкент сияқтылар.

Жалпы географиялық ұғымдар - өзен, қала, тау.

Биологиялық түр ұғымдары - қоян, шырша, көктікен. Биологиялық туыс ұғымдары жануар, қылқан жапырақты өсімдік, гүлді өсімдік.

Туыс (биологиялық) немесе жалпылама (географиялық) ұғымдарының барлық маңызды белгілері әрбір жеке объектіге, яғни жеке немесе түр ұғымына да қтысты. Бірақ, әрбір объект маңызды туыстық немесе жалпы белгілерден басқа оларды жеке (немесе түрлік) ұғымға жатқызатын өзіндік дербес қасиеттерге де ие болады.

Жұмыс үстінде балалардың назарын жеке географиялық ұғымның жалпы ұғыммен, түр (биологиялық) ұғымының туыс ұғымымен (аю - жануар; шырша - өсімдік;) байланысына аударып отыруы қажет.

2-сыныпта оқушылар биологиялық ұғымдармен қатар жалпы және жеке географиялық ұғымдарды түсініп игереді. Балаларға табиғат заттары мен құбылыстары туралы түсінік беріп ұғымдарын қалыптастыра отыра, мұғалім табиғаттағы бақылауларға сүйене отырып, заттардың негізгі қасиеттерін айқындайтын әр түрлі көрнекі құралдар қолданады. Таулар туралы ұғымды қалыптастыруда мұғалім балалардың төбелерді немесе тауларды бақылауларына сүйенеді де, 2 сынып оқушыларының таулар туралы қандай түсініктері бар екенін анықтайды. Осыдан кейін мұғалім «Равнины и горы» деген кинофильмді көрсетеді. Фильмнің мазмұны бойынша мұнан кейінгі әңгімеде ол қабырға суреттерін пайдаланады. Жұмыс мынадай сұрақтардың негізінде құрылуы мүмкін: төбенің қандай бөліктері бар? Таудың қандай бөліктері бар? Төбе мен таудың қандай ортақ белгілері бар? Төбе мен таудың қайсысы биік? Таудың төбеден қандай айырмашылығы бар?

Төбенің таудан негізгі айырмашылығын анықтай отырып, мұғалім балалардың «тау» туралы жалпы түсінігін қалыптастыруға алып барады.

Мұғалім оқушыларға картадан тауларды табуды ұсынады да, соның арқасында «тау» туралы жалпы түсінікті баянды еткендей болады.

3-сыныпта оқушылар материктермен танысқанда ең алдымен олар туралы түсінік алады: содан кейін барып балалардың «материк» деген ұғымы қалыптасады. Глобуспен және жарты шарлар картасымен жұмыс істей отырып, балалар құрлықтың барлық жағынан мұхиттармен қоршалған орасан зор алқаптарын табады, онан соң мұғалімнің материк деп нені айтады деген сұрағына жауап бере отырып, оның анықтамасын

береді. Әрі қарай мұғалім үшінші сынып оқушыларын материктердің аттарымен: Евразия, Африка, т.б. таныстырады. Сөйтіп, балалар жалпы ұғымнан соң жеке ұғым алады. Олар әрбір материк қандай мұхиттармен шектесетінін экваторға және бас меридианға орай оны қай жарты шарда жатқанын анықтайды, яғни материктің жеке ұғым ретіндегі дербес ерекшеліктері айқындалады.

Ұғымның мазмұнын дәл ашуды анықтама деп атайды. Кез келген ұғым сөзбен айтылады. Ұғымға байланысты жұмыс әрқашанда балалардың сөздік қорын молайтумен ұштасып отыруы керек.

Оқушылардың санасындағы ұғым кеңейіп және тереңдеп отыру үшін мұғалім сабақта бір ұғымға бірнеше қайтара соғып, оны жаңа мазмұнмен байытып, тереңдетіп және кеңейтіп отырады.

2-сыныпта мұғалім әр түрлі жануарлар орманда қысты қалай өткізетінін айта келе, бұл жануарлардың қысқа қалай дайындалғанын еске түсіруді ұсынады. Неліктен аю мен борсық қысқа азық дайындамайды? Неліктен түлкі мен қоян да күзде қор жимады? Жануарлардың қайсылары тамақ қорын жинады? Осы және осы сияқты сұрақтарға жауап әр түрлі жануарлардың тіршілік жағдайына бейімделуі туралы оқушылардың ұғымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Табиғаттану ұғымдарын қалыптастыруда алынған білімді бекітуді және оны практикада: тәжірибелер мен практикалық жұмыстар жүргізуде, қорытынды сабақтарда қолданудың үлкен мәні бар.

Сонымен, сезім мен қабылдаудан түсінікке, ал одан әрі ұғымға дейінгі жол оқушылардың санасында болмысты оның маңызды, заңды байланыстарымен және қатынастарымен қоса толық бейнелеуге баратын жол болып табылады.

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Аймағамбетова Қ.А., Жүнісова К.Ж. "Дүниетану" оқулығына әдітемелік нұсқау. Алматы, 1998.
2. Аймағамбетова Қ.А. Олейник З. Дүниетану оқулығының хрестоматиясы Алматы, 1998.
3. Аймағамбетова Қ.А., Олейник З. "Дүниетану оқулығына үлестірмелі дидактикалық материал, Алматы, 1998.
4. Батурицкая Н.В. Дидактический материал по природоведению 4 класс. Минск, Нар - Асвета, 1985.
5. Библик Н.М. Ознакомление с окружающим миром во 2 классе. Пособие для учителей. Киев, 1984.

Түзете-дамыту үрдісіндегі топтық, жұптық жұмыстың тиімділігі

*Мажитова Нұргүл Қуанайқызы
коррекциялық пәндер мұғалімі
БҚО. Орал қаласы
Облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға
арналған мектеп-интернаты*

Қазақстан Республикасы Егеменді ел болғалы өмірімізде түбірлі өзгерулер, жаңа ашық қоғам құруда үлкен бетбұрыс, туған тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы мектепке, мұғалімге - жалпы білім беру жүйесіне игі әсерін тигізеді.

Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Жаңа формация мұғалімі - рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген, білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылған шығармашыл тұлға. Ол жоғарғы білімді, шығармашыл

тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты.» - деген болатын.

«Қазақстан Республикасының білім беру» тұжырымдамасының жобасында білім берудің мақсаттары мен міндеттерін және бұған дейінгі білім берудегі тежейтін факторларды атап көрсетті.

«Тұжырымдаманың негізгі мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өздігінен дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», - деп айта келіп, білім берудегі кедергі келтіретін факторларды атап көрсетті. Соның бірі: жаңа технологиялардың қолданылмауы;

Осыған байланысты педагогикалық тың ізденістер, жаңа әдіс-тәсілдер пайда бола бастады. Білім беруде, мектеп өмірінде білім сапасын қайтсек арттырамыз деген көкейкесті сұрақтар туындады. Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны оқытып - тәрбиелеуде жаңа технологиялардың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезілді.

Оқушылардың топтық оқу-танымдық жұмыстарын ұйымдастыру мәселесінде іскерлік қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас топтағы адамгершілік ахуалды қалыптастыруға, оқушының жеке тұлғалық, элеуметтік рухани құндылық қасиеттерін, ең алдымен, ұжымшылдықты тәрбиелеуге ықпал етеді. Н.К.Крупская жеке тұлғаны қалыптастырудағы, топтың ынтымақтасып дамуындағы топтық жұмыстың маңыздылығына тоқтала келе «Топтық жұмыстағы дағдылар жалпы ұйымдастырушылық және өзін-өзі ұстай білу дағдыларын тудырады. Топтық өмірді ұйымдастыруда бұлардың үлкен маңызы бар» деген.

Оқушылардың мектептегі және мектептен тыс сан алуан әрекеттері топта өтетіні белгілі. Осы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру олардың сабақ пен сабақтан тыс жұмыстарын жақындастырады, топтық қарым-қатынастың дамуына септігін тигізіп, оқу тәрбиелік міндеттерді шешуге жұмылдырады. Сол себепті ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуі шарт. Мектепте алған білімін өмірде қолдана алатындай етіп сабақты құру мұғалімдерден көп шығармашылық ізденісті талап етеді. Ол үшін ең алдымен, әр ұстаз үнемі өз білімін жетілдіру және өз шәкірттерін тұлға ретінде тану керек. Ұлы Абайдың «Адамның қасиеті үш-ақ нәрсе: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» демекші, шәкірттің алдына бару үшін жеткілікті білімнің болуы керек, сол тәжірибеңді ұғындыру үшін тиімді тәсілдерді қолдана білу және ұстаз мамандығын таңдаған соң, этикалық әрі моральдік құндылықтарды ұстану қажет. Мұғалімнің бұл үш көмекшілері сапалы әрі табысты оқытуына жол ашады.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы оқытудың нәтижеге бағдарлануы, оқушының жеке тұлғасына бағытталуы, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық "жаңалық" ашуы, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Оқытудың маңызды факторы оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Біз сабақ беріп жүрген сыныптарда топтық және жұптық жұмыс түрлерін көп

пайдаланамыз. Мұндай тәсіл оқу үдерісіне оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім-оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс – қимылға қарағанда, мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға «оқушы – оқушы» қатынасына түсе отырып, негізделген дәлелдерді әзірлеуде және қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болады. Жаңа технология элементтерінің оқушы мүмкіндігіне сай келетінін бейімдеу арқылы жеке тұлғаны түзете -дамыта оқыту мәселесін өзекті тақырып етіп алып, оны жүйелі зерделенуді өз тәжірибемде қолданып келемін.

Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне қарай жүргізілетін түзете-дамыту сабақтар құрылымында топтық, жұптық жұмыстың тиімділігі өте зор. Оқушыларды топтарға бөлуде түрлі әдістерді қолдануға болады: суреттер, сандар, түстер арқылы, бойларымен тұрғызып, туған күндері бойынша, есімдерінің әріптері арқылы, мозайка т.б. тәсілдер қолданамын. Топтық, жұптық жұмыста оқушыларға берілетін тапсырма бір сарынды емес, әр түрлі сипатта болуы керек. Топтық және жұптық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, анағұрлым күрделі тапсырмаларды шешуді көздейді.

Әр сабақтағы дұрыс ұйымдастырылған топтық және жұптық жұмыста оқушылар:

- Өздігінен тапсырманы орындайды, топ мүшелерімен немесе жұбымен өз пікірін бөліседі, алмасады;
- Жоспарланған тапсырмалар туралы айта алады;
- Өз мүмкіндігін біледі;

- Өзінің оқуы үшін үлкен жауапкершілік алуға қабілетті болады;
- Назарын бақылай алады және алаңдамайды;
- Өз тәртібі мен өзгенің тәртібі туралы және оның салдары туралы айта алады;
- Нені қалай жасағаны туралы немесе нені үйренгені туралы айта алады;
- Өз сезімі мен өзгелердің сезімі туралы біледі, көмектеседі және тыныштандырады;
- Жаңа тапсырманы сеніммен қолға алады;
- Өзін оқушы ретінде жағымды жағынан көргісі келеді;

Топтық және жұптық жұмыстың нәтижелері:

1.Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.

2.Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

3.Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласың.

4.Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік аласың.

5.Оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді.

6.Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

7.Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Сабақтарға қатысқан мұғалімдер топтық, жұптық жұмыс оқушының ұжымда бірлесіп жұмыс жасауына мүмкіндік беретіні, соның негізінде көшбасшылық қасиеті дамиды, оқушының өзіне сенімді болуына, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын, танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өтсе, оқушылар оқудың (сабақтардың) қызықты өтетіндігін баяндайды.

Мектеп өмірінде оқушылардың өздігімен білім алу үдерісіне дейінгі және кейінгі кезеңін (аралығын) салыстырғанда, оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының артқандығын, рухани-адамгершілік жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады. Бүгінгі қоғамға, білім беру саласына керегі де осылар. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, бәсекеге қабілетті ұрпақ қажет деген талапқа сай топтық, жұптық жұмыс өзінің тиімділігін тәжірибеде дәлелдеу үстінде.

- Мәселен, Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатындағы Брайль жүйесімен оқитын оқушылармен бірге өткізілген «Қараңғылықтағы сәуле» тақырыбындағы тренинг сабағы топтық, жұптық жұмыстардың бір көрінісі. Міндеттері:

Шағын топтарда бірлескен жұмыс жүргізу ережесін жасау. Топта

жұмыс істеу не үшін қажет екенін түсіну.

Топты қалай ұйымдастыруға болатынын білу.

Топтағы бірлескен жұмысты ұйымдастыра білу.

Күтілетін нәтиже:

1.Білу. Оқыту мен оқуда бірлескен топтық жұмысты ұйымдастыру туралы білімдерін толықтырады.

2.Қолдану, түсіну және талдау: өз тәжірибесінде мұғалім топтық жұмысты тиімді пайдалана білуге дағдыланады, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана алатынын көрсете алады, топта бірлесе отырып жұмыс істей отырып, өзгенің ойын құрметтей білуге үйренеді.

3. Бағалау: Өзін – өзі, өзгені бағалауды үйренеді.

Сабақ тапсырмалары қараңғы сенсорлық бөлмеде жүргізіледі. Ең алдымен

оқушыларды сабақтың ережесімен таңыстыру:

- бір-бірін тындау;
- уақыт үнемдеу ;
- белсенділік таныту;
- достық қарым-қатынас;
- жағымды эмоция тудыру.

Мұғалім: Сәлеметсіздер ме, оқушылар!

I.Қарым - қатынасты нығайтуға арналған тренинг - жаттығулар

Шаттық шеңбері

1). Мұғалім балаларға шеңбер құрып отыруды ұсынады:

- Оқушылар , біздің шаттық шеңберіміз қандай керемет! Ол жай шеңбер емес, оның ғажайыбы бар. (шеңбер бойымен алдын ала дайындалған алақандар бейнесі қойылған)

- Әрқайсыларыңыз өз алдарыңыздағы , бір құпияны табасындар? Балалар алдарынан сипап - сезу арқылы алақан бейнесін табады.

Мұғалім: Шаттық шеңберден ненің бейнесін таптыңыздар?

Оқушылар: Алақан бейнесі - деп жауап береді.

Мұғалім: Ендеше, бәріміз қолымызды қысып жылы амандасайық !

2).Тыныштық сәті Күн түс ауа бере күрт өзгеріп, аспанда қара бұлт басып, лезде жапалақтап қар жауа бастады. Терезеден сыртқа қарап отырған мен далаға жүгіріп шықтым. Жапалақтап жауып жатқан қарға екі алақанымды созып тұрдым. Жапалақтаған қарлар менің қолыма келіп қона бастады. Менің бойымда қуаныш, шаттыққа толы сезім пайда болды. Екі алақаным аппақ ұлпа қарға толы үйге ендім. Көзімізді жайлап ашып, алақанымызға қараймыз. Алақанымызда қар бар ма?

- Жоқ.

- Балалар, қар неге еріп кетті деп ойлайсыңдар?

- Алақанымыз жылы. Дұрыс айтасыңдар, балалар, біздің алақанымызда жылу бар, ол жай жылу емес, бір - бірімізге жақсылық, мейірім, қуаныш сыйлайды. Олай болса, бір - біріміздің көңілімізді көтеру үшін қолымыздан ұстап бір - бірімізге жылу арқылы жақсы көңіл күй сыйлайық. Сәттілік біздер тілейік, Мен саған, сен маған Күндей күліп жүрейік, Күннің нұрын төгейік, Мен саған, сен маған.

Кіріспе сөз . Қазір өткелі отырған «Қараңғылықтағы сәуле» атты тренинг сабаққа көтеріңкі көңіл-күймен қатысып, қызықты өткізейік. Сол мақсатта қазір біз «Жағымды көңіл-күй қалыптастырайық!» жаттығуын орындаймыз.

Топтық тапсырмалар:

1 тапсырма "Жағымды көңіл-күй қалыптастырайық!" Қатысушылар 2 топқа бөлініп, әр топқа тапсырма беріледі.

1-топ " Жайық", 2-топ "Сәуле" деген сөздерді топтық дауыспен, (хормен) айтуға дайындалады. Дайындықтан соң екі топ бір мезетте топтық дауыспен бірге айтады.

2 тапсырма «Жайық» тобы және «Сәуле» тобы өз ұстанымын таныстырады.

«Жайық» тобы «Сәуле» тобы

Ұстанымы: «Алға, алға, тек алға!»

Ұстанымы:

«Сәуле шашқан жарық күн!

3 тапсырма «Бұл не?»

Екі топ ойыншылары ғажайып шеңберде жасырылған құпия заттарды (қайшы, жіп, макарон өнімдері, ермек саз, үрілген шарлар, жабыстырма лентасы т.б) сипап-сезу арқылы не екенін анықтап, бір жерге жинастырады.

4 тапсырма «Бәйтерек құрастыру» Ғажайып шеңбердегі құпия заттарды ойыншылар анықтайды. Сол заттарды пайдалана отырып топ ойыншылары «Бәйтерек» макетін құрастырады.

5 тапсырма «Бәйтерек» тақырыбына арналған өлең шумақтар немесе қызықты жарнама ойлап табу.

«Жайық» тобы «Сәуле» тобы

Орналасқан Есілдің жағасында Бәйтерегім
Астанамның сәні еді,

Әсемдік бар Астана қаласында. Көздің жауын
алатұғын әдемі,

Таңсық емес, бәріне аты мәлім,
Төбесінде тұрған анау алтын күн

Бәйтеректі көруге шақырамын
Мызғымайды ынтымақтың дәлелі.

Релаксация (Босаңсу жаттығуы)

6. Топтық тапсырма «Көңілді ноталар»
Екі топқа бірдей ноталар ойналады. Ырғақты дұрыс
тапқан топ ойыншылары жылдамдықпен жауап беріп
отырады.

7.

7. Жұптық тапсырма

I-ші жұп Ойыңызбен байланыстырыңыз
- Сабақ тақырыбы «Қараңғылықтағы сәуле» деп
неліктен аталған?

- «Бірлік бар жерде-тірлік бар» деген мақалды
қалай түсінесіңдер?

II-ші жұп Салыстырыңыз
- Сабақ тақырыбына сіздер қалай басқаша ат қояр
едіңдер?

- Кәсіппен шұғылдану үшін не қажет?

III-ші жұп Зерттеңіз
- Ғажайып шеңберде сабаққа қажетті құрал-
жабдықтардың жасырылу құпиясы неде?

Бірлесіп жасалған жұмыстың жеңілдігі мен қиындығын ашыңдар.

IV-ші жұп Талқылаңыз немесе қарсы шығыңыз
- Сенің досың(топтағы көршің) жалқау болса, сен онымен дос боласың ба?

V-ші жұп Қолданыңыз
- Еңбекқор баланы біз қай жерден көре аламыз?
- Тағы да қандай басқа пәндерден еңбекқорлық туралы айтылды.

VI-шы жұп Суреттеңіз
- Еңбекқор адамды суретте.
- Тұлға ретінде «Өмірге ғашықпын» мағынасына сипаттама беру.

Рефлексия

- Не ұнады?
- Не қиын болды?
- Өзіңіз жаңадан не білдіңіз?
- Алған әсеріңіз қандай?

Қорытынды

Осындай топтық жұмыста жалығып отырған оқушылар қызығушылығы артып, жұмылдыра жұмыс жасай біледі және өзгелермен ой бөлісіп отырады. Жаңа әдісті қолданып ұсынған тапсырмаларда оқушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап, өздеріне ұсынылған тапсырманы орындау жолдарын іздеу барысында топпен шешіп, бір-бірінің көмегіне жүгінеді. Яғни, бұл жерде Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Бұдан оқушыларды топтық жұмысқа итермелеу арқылы, әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай ойларымен бөлісуге ерікті. Берілген тапсырманы орындау барысында әркім өз идеяларын ортаға тастап, өзара рөлдерге бөліне отырып, берілген уақытты тиімді пайдалануға тырысып отырады. Ал түсінгендерін топпен қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы кеңінен талқылайды.

Сонымен, топтық жұмыс оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалім араларындағы білім алу, білім беру әрекеттері үлкен орын алатынын көруге болады. Оқушылармен топтық жұмыс жүргізу алдында оларды қабілетіне, қызығушылығына, икеміне, біліміне қарай лайықтап алдым, тексеру мен бағалаудың әділдік, жариялылық талаптарын орындау, ұстаз бен шәкірт ынтымақтастығы арқылы оқушының белсенді ойлауына, белсенді сөйлеуіне, шығармашылығына қол жеткізу біздің өтіп жатқан тәжірибеміздің болашағы деп ойлаймын. Сабақ тиімді өту үшін көп ізденушілік, жауапкершілік қажет.

Пайданылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім туралы Заңы
2. Қазақстан Республикасы Бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты
3. Беспалько В. Программированное обучение
4. Кобдикова Ж.У. Деңгейлеп саралап оқыту педагогикалық технологиясы талаптарына сәйкес өтетін сабақтардың үлгісі. -А., 2006

Воспитание бережного отношения к природе

Мельникова Татьяна Васильевна

Воспитатель

КГУ «Детский дом №1» г.Акколь

Природа окружающая человека оказывает огромное влияние на формирование его

На первых этапах развития общества когда человек находился в непосредственной связи с природой она определяла характер быта и культуры людей. И уже здесь проработав много лет в дошкольной организации мне представляется

возможным проследить не только принципиальную постановку вопроса об эстетическом и нравственном воспитании детей в связи с природой но и развитие и совершенствование содержания методов и приемов этой работы. На основе изучения теории и практики интересующего нас вопроса о влиянии общения ребёнка с природой на его эстетическое и нравственное воспитание я пришла к следующим выводам

1. На всём протяжении развития дошкольного воспитания ознакомление детей с природой несмотря на некоторые отклонения и ошибки рассматривалось как одно из средств их всестороннего развития.

2. Принципы наглядности и активности положенные в основу ознакомления с природой определили ведущее значение в решении задач эстетического и нравственного воспитания и выдвинули наблюдения и труд детей в природе как основные методы.

3. Несмотря на накопленный многолетний положительный опыт эстетического и нравственного воспитания в процессе общения их с природой нет еще достаточной связи и единства.

4. Мало разработаны приёмы руководства восприятием детьми красоты природы побуждающие их к активной деятельности и приёмы руководства трудом ребёнка направленные на моральное и эстетическое воспитание в результате чего в практике имеются недочёты и ошибки.

5. Наиболее существенной ошибкой я считаю следующее проводя занятия по ознакомлению детей с природой руководя их трудом в природе воспитатели зачастую основное внимание уделяют познавательной стороне получению практических результатов и не ставят своей задачей использовать природу для и нравственного воспитания.

Проанализировав все эти выводы в своей практической деятельности в течении всего прошедшего года я старалась искоренять все недостатки сказанные выше.

В связи со сказанным мне представляется целесообразным экспериментальное исследование по проблеме Природа как средство эстетического и нравственного воспитания детей.

Свою работу начала с постановки эксперимента по воспитанию деятельной любви к природе. Правильное решение этого вопроса возможно только на основе органической связи и единства эстетического и морального воспитания.

Для правильной постановки эксперимента постаралась всесторонне изучить вопрос о восприятии ребёнком красоты природы и её воздействии - только когда ребёнок будет эстетически воспринимать природу - он будет бережно к ней относиться.

В практике работы я столкнулась со следующей проблемой:

Нет специальных психологических и педагогических исследований и сколько - нибудь систематизированного теоретического и практического материала о развитии у детей чувства красоты природы о её моральном воздействии на ребёнка. Однако данные дошкольной педагогики и детской психологии отдельные исследования

об эстетическом восприятии и развитии художественного вкуса у детей опыт лучших воспитателей а так же личные наблюдения дают возможность сделать некоторые выводы которые необходимо учитывать при постановке эксперимента. Изучая и анализируя эти данные я попыталась ответить на следующие вопросы:

1.Замечают ли дошкольники красивое в природе, в чём они его видят?

2.Как реагируют на красоту природы?

3.Как влияет красота природы на их поведение?

Исследования показывают что дети очень рано замечают красоту в природе и тянутся к ней эмоционально выражая свои чувства

Воспитание деятельной любви к природе -процесс длительный В дошкольном возрасте он только начинается .

Однако уже и в этом возрасте, при правильном воспитании любовь к природе может проявиться не только любованием ею но и в доступной детям деятельности по охране природы, выращиванию растений, и уходу за животными.

Для проведения эксперимента я поставила перед собой две задачи

1.Разработать методы и приёмы воспитания деятельной любви к природе у детей дошкольного возраста 2.Показать развитие этого чувства под влиянием воспитательной работы.

Поскольку воспитание деятельной любви к природе опирается на эмоционально действенную основу, в своей работе с детьми стараюсь применять такие методы и приёмы, которые эмоционально захватывают ребёнка и в тоже время побуждают его к практическому выражению своих эмоций

Самым приемлемым в этой работе в любое время года является уголок природы

На протяжении всего времени я стараюсь привлекать внимание детей к уголку природы. При помощи различных заинтересовывающих моментов вызываю у детей желание принимать участие в посильном общественно полезном труде.

Заинтересовываю работой по выращиванию растений, в частности - лука, в пересадке комнатных растений.

Учу элементарным приёмам этой работы, воспитываю бережное отношение как к живой так и к не живой природе .

Постоянно подвожу к пониманию результата и значения их труда - выращенный лук срезали к обеду для всех детей, взрыхлили землю в горшках - растения лучше растут , очистили листья растений от пыли - будет чище воздух в комнате и.т.д.

При планировании общественно полезного труда я предлагаю использовать следующие приёмы:

1.Вызывать желание трудится выдвигая перед ребёнком доступную и интересную цель, направленную на заботу о живых существах.

2.На основе наглядного показа результатов труда и их использования, подводить к пониманию цели и желанию выполнить её.

3.Обеспечить результативность детского труда обучая их не сложным приемам через показ, сопровождением, объяснением и последующим практическим упражнением.

4.Поддерживать бодрую радостную атмосферу во время работы, сочетая с личным примером в труде, помощью , поощрением ,похвалой

5.Вызывать удовлетворение проделанной работой подводя итог по её окончании.

6.Объяснением, показом, личным примером, стимулировать их дальнейшую трудовую деятельность направленную на достижение поставленной цели (напр уход за посаженными растениями).

Таким образом применяемые мною приёмы оправдали себя . Ценно и то , что дети стали замечать красивое вокруг себя в сочетании с окружающей обстановкой .

Это говорит о более глубоком и разностороннем восприятии ими красоты природы

Во время ежедневных прогулок я так же продолжаю работу по воспитанию у детей любви и бережного отношения к природе ,

Чтобы было удобнее работать и ничего не упустить сделала картотеку прогулок по всем сезонам .

К каждому наблюдению за объектом или природным явлением подобрала художественное слово , в каждую прогулку включила труд .

В процессе ежедневной работы с детьми я установила такой факт, что ребята к животным относятся более бережно чем к растениям . Одна из причин этого заключается скорее всего в том что животных легче чем растения идентифицировать с собой, наделяя их разумом и переживаниями сходными со своими собственными , это говорит о том что ребята ещё недостаточно хорошо знают растения , их потребности и особенности развития.

Для того чтобы сформировать у детей представления о зависимости жизни растений от комплекса внешних условий, стала проводить многократные наблюдения за одним и тем же объектом но с разным содержанием на протяжении нескольких месяцев , в результате чего у детей была возможность проследить весь цикл развития растений от появления первых листочков до увядания в конце лета или осенью . Дети научились замечать какие растения появляются первыми , какие быстро отцветают , какие цветут всё лето ,например ромашку появившуюся весной можно встретить в конце лета и даже в начале осени , а сон траву или первоцвет только в начале весны.

Во время наблюдения за растением я учу выделять его части, корни, ствол, ветви, листья, плоды, у дерева и корни, стебель, листья, бутон, цветок семена или плод, у травянистых растений, провожу сравнения, чем похожи и отличаются растения.

Чтобы детям было легче понять, что растения живые провожу беседы с логическими рассуждениями , например;

Что нужно человеку для жизни?

- воздух, вода , еда ,тепло ,

-Что движется по сосудам - венам в человеческом организме и - помогает человеку жить?

-Кровь

- У растений вместо крови сок который движется от корней в верх

По стволу или стеблю растения , для жизни растения тоже нужно питание которое они берут из земли, нужны вода , тепло , и солнечный свет . Этим наши организмы похожи .После таких бесед я обратила внимание что дети перестали без надобности срывать цветы, листья , ломать ветки , и что было самым приятным стали сами делать замечания новеньким детям , говоря что растению больно , оно плачет , стали сами проявлять инициативу в сборе мусора - чтоб в лесу и на полянке было чисто и красиво *

В начале зимы во время одной из прогулок вывешиваю на дерево кормушку, помогаю детям понять необходимость ежедневной подкормки птиц в зимнее время так как корм трудно найти и многие птицы могут погибнуть не дожив до весны.

Дети сами проявляют инициативу собирают крошки, кусочки хлеба, просят принести сало для синичек и зерно для голубей, перед каждой прогулкой спрашивают, пойдём ли кормить птиц?

Все наблюдения непосредственно в природе закрепляю при помощи дидактических игр «Кто где живет?», «Что где растёт?», «С какого дерева листок?», «Кто лишний?», «Назови детеныша...» и т.д. В этих играх ребята закрепляют полученные знания.

В октябре провела развлечение «Осенние сказки». В котором при помощи стихотворений и

инсценировок подвела детей к необходимости бережного отношения к природе. Во время осенних каникул. Организовала конкурс лучшую поделку из природного материала в котором все дети приняли активное участие, каждый ребенок показали свою поделку, и рассказал о ней.

В ноябре провела открытое занятие по ознакомлению с окружающим на тему «Птицы наши друзья» в котором наглядно отразила существование причинно- следственных связей в природе, помогла детям сделать самостоятельные выводы: почему мы называем птиц нашими друзьями и как к ним нужно относиться. Предложила зарисовать действия, которые не допустимы в лесу.

В процессе руководства трудом детей, направленном на осуществление проявления деятельной любви к природе особое внимание уделяю воспитанию положительных чувств:

а). жалости и сочувствия к слабым и беззащитным живым существам;

б). желанию и готовности заботится о них и своим трудом создавать необходимые условия для их жизни и полноценного развития.

Бережное отношение к природе осуществляемое через труд, возможно и необходимо связывать с воспитанием у детей заботы о людях, наглядно показывая им, что природа является источником удовлетворения разнообразных потребностей человека и источником радости.

Современные образовательные процессы

*Кенжетаева Анара Калимжановна
Воспитатель класса предшкольной подготовки
Средней школы №11 г.Костанай*

**«Плохой учитель преподносит истину,
хороший - учит ее находить».
А. Дистервег**

В XX веке традиционные педагогические технологии были построены на объяснительно-иллюстративном способе обучения. При использовании данной технологии учитель основное внимание уделял трансляции готового учебного содержания. При подготовке к урокам учитель озабочен поиском наиболее эффективных вариантов изложения нового материала и сопровождающий рассказ наглядности. При этом преподнесении учащимся информации, определенной рамками программы, практически всегда происходит в форме монолога учителя. В связи с этим в учебном процессе возникает много проблем, главными из них являются низкий уровень навыков общения, невозможность получить развернутый ответ ученика с его собственной оценкой рассматриваемого вопроса, недостаточное включение слушающих ответ школьников в общее обсуждение. Корень этих проблем лежит не в настрое детей, не в их «пассивности», а в процедуре, которую задает применяемая технология. Педагог идет в класс с готовым заданием, он пытается включить ученика в свою деятельность, но учащиеся чаще всего в эту деятельность включаются неохотно. Учитель пытается внушить детям, что эта информация им нужна. Объяснительно-иллюстративные технологии предписывают учителю особую роль и место в учебном

